

«Dariya» балабақшасы
№1 әдістемелік кеңес хаттамасы

08 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқаны:6

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйымдарға арналған Әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру.
2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.»
3. Тәрбиешінің кәсіби жетістігін, тәрбиенушілердің білік, дағды деңгейін бағалау.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Жакупова Г.З. қатысушыларды жаңа 2023-2024 оқу жылымен құттықтап, педагогтердің жұмысына табыс тіледі.

Әдіскер педагогтерді 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хаттың негізгі бағыттарымен таныстырды.

1. Ойын арқылы оқыту. Оқу қызметінде ойын технологияларын қолдану талаптары күшейтілді.
2. Бала қауіпсіздігі: Эмоциялық және физикалық қауіпсіз орта қалыптастыру басты назарда болады, деді әдіскер.
3. Дербес дамыту: Әр баланың ерекшелігінің ескерілетінін және ата – аналармен жұмыста отбасымен серіктестікті нығайтудың жаңа форматтары енгізілгенін айтып өтті.

Әдіскер сонымен қатар жаңа нұсқаулық талаптарын сапалы орындау қажеттігін ескертті.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Жакупова Г.З. ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің» бағыттарына тоқталды. Бұл модель баланың жеке ерекшеліктеріне негізделген дағдыларды дамытуға және білім беру процесінің икемділігін арттыруға бағытталғанын атап өтті.

Сөз алды:

«Достық» тобының тәрбиешісі А.Усербаева даму моделінің талаптарына сай ата – аналарды тәрбиелеу мен оқыту процесіне жан – жақты тарту, тренингтер мен ашық есік күндерін ұйымдастыру бойынша ұсыныстарын жеткізді.

Тындалды:

Әдіскер тәрбиенушілердің білім, білік дағдыларының даму деңгейіне жасалған мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Әдіскер балалардың мемлекеттік стандарт талаптарына сай бес білім беру саласы бойынша меңгерген дағдыларын талдап, төмен деңгейдегі балалармен жеке жұмыс жасау керектігін айтты.

Қаулы:

1. 2023 – 2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат басшылыққа және орындауға алынсын.
2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің» бағыттары балабақшаның оқу – тәрбие процесіне негіз ретінде алынсын.
3. Мониторинг нәтижесінде «төмен деңгей» көрсеткен балалармен жеке дамыту жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Жакупова Г.З.

Шамишева А.А.